

Бақыршық кен өндіру бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 желтоқсан N 1541

"Бақыршық кен өндіру бірлескен кәсіпорны" бірлескен кәсіпорнын дамытуға шетел инвестицияларын тартуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Бақыршық кен өндіру бірлескен кәсіпорнының" Қазақстан жағының қатысу үлесін "Централ Эйшен Майнинг Лимитед" компаниясына оның жарғылық қорының 60 проценті мөлшерінде сату, сондай-ақ "Бақыршық кен-металлургия комбинаты" мемлекеттік кәсіпорнының "Бақыршық кен өндіру бірлескен кәсіпорныны" бірлескен кәсіпорнына оған жалдау шартында берілген мүліктік кешенінің бір бөлігін сату туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Бақыршық кен өндіру бірлескен кәсіпорны" бірлескен кәсіпорны Қазақстан жағының жарғылық қорының 60 проценті мөлшеріндегі қатысу үлесі мен "Бақыршық кен металлургия комбинаты" мемлекеттік кәсіпорны мүліктік кешенінің бір бөлігін берсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне келіссөздер жүргізуге және қатысу үлесі мен мүліктік кешенінің бір бөлігін сатып алу-сату шартына және оған қатысты өзге де құжаттарға қол қою өкілеттігі берілсін.

4. "Қазақстан Республикасының Семей облысындағы Бақыршық пен өндіру бірлескен кәсіпорнын құру туралы "Минпрок-Чилевич, Лимитед" (АҚШ) компаниясымен жасалған Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 ақпандағы N 145 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 5, 61-құжат)

2 және 6-тармақтарының;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 ақпандағы N 145 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырдағы N 346 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 15, 180-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК